



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 25/103
22 маусым



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР! УВАЖАЕМЫЕ СОТРУДНИКИ ПОЛИЦИИ И ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СЛУЖАЩИЕ!

Маусым айында әр түрлі сала қызметкерлерінің кәсіби мерекелері тойланады. Қазіргі уақытта республиканың мемлекеттік басқару жүйесі қоғамның сұраныстарына тиімдірек жауап беруге, әрбір азаматтың өмірін жақсартуға ықпал етуге бағытталған. Мемлекеттік қызметшінің жұмысы адамнан кең ауқымды білімді, үлкен жауапкершілік пен шыдамдылықты талап етеді. Жұмыстың тиімділігі әрбір мемлекеттік қызметшіге, оның тәжірибесіне, жанқиярлығына, сондай-ақ кәсіби және жеке қасиеттеріне байланысты.

Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметші болу да, қоғамдық тәртіпті қалыптастыру мен ел тыныштығын қорғауда – мәртебелі міндеттер.

Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілейміз!

В июне отмечаются профессиональные праздники работников различных отраслей. Быть государственным служащим, поднимающим статус нации, возвышающим честь страны - благородная задача, а

формирование общественного порядка и обеспечение защиты спокойствия страны – это честь и достоинство каждого человека.

В настоящее время система государственного управления республики нацелена эффективнее реагировать на запросы общества, способствовать улучшению жизни каждого гражданина. Работа государственного служащего требует от человека широкого спектра знаний, большой ответственности и выдержки, эффективность работы зависит от каждого государственного служащего, его опыта, самоотверженности, а также профессиональных и личностных качеств.

Служба в полиции – трудное, опасное, но важное дело. В своей ежедневной работе, рискуя своей жизнью и здоровьем, полицейские всегда с честью и профессионализмом выполняют свой долг.

Спасибо за то, что достойно несете свою службу в любых обстоятельствах и условиях, безупречно осуществляя свои обязанности и внося весомый вклад в укрепление стабильности и благополучия наших граждан.

Поздравляем всех вас с профессиональными праздниками, желаем успехов в вашей деятельности на благо народа, благополучия вашим семьям, мира и процветания!

*Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.
Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.*

САЛТАНАТТЫ ҚҰТТЫҚТАУ



2024 жылдың 21 маусым күні қала әкімі мен мәслихат төрағасының мемлекеттік қызметшілер мен Қазақстан полициясы күніне арналған салтанатты қабылдауы өтті. Қала әкімі қабылдауға келген полиция қызметкерлерін

торжественный прием акима города и председателя маслихата, посвященный Дню государственных служащих и казахстанской полиции. Аким города наградил пришедших на прием сотрудников полиции медалями «За безупреч-



«Мінсіз қызметі үшін» I, II дәрежелі медальдарымен, мемлекеттік қызметшілерді қала әкімінің құрмет грамотасымен және алғыс хатымен марапаттады. Содан соң қалалық мәслихат төрағасы қабылдауға қатысушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында атқарған қиын да жауапты қызметтері үшін полиция қызметкерлеріне және өз саласының білікті маманы атанған мемлекеттік қызметшілерге мәслихат төрағасының құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын табыс етті. Қабылдау соңында барлығы естелік суретке түсті.

* * *

21 июня 2024 года состоялся

ную службу» I, II степени, государственных служащих Почетной грамотой и благодарственным письмом акима города. После этого председатель городского маслихата поздравил участников приема с профессиональными праздниками, а также вручил почетные грамоты и благодарственные письма председателя маслихата сотрудникам полиции за трудную и ответственную деятельность по обеспечению правопорядка в обществе и государственным служащим, ставшим квалифицированными специалистами в своей области. В конце приема все сфотографировались на память

Исатай М.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ХVІІІ СЕССИЯСЫ



Өткен сәрсенбі, маусымның 19-жұлдызында Приозерск қалалық мәслихатының мәжіліс залында қалалық мәслихаттың кезекті ХІІІ сессиясы болып өтті. Сессияға қала әкімі Мансұр Талғатұлы Ахметов, қалалық мәслихат депутаттары, мекемелер мен кәсіпорын басшылары, баспасөз өкілдері қатысты. Сессияда төмедегі сәселелер қаралды:

1. 2023 жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі (баяндаушы: «Приозерск қаласы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Шәмшатова А.С.);



2. «Приозерск қалалық мәслихатының 2023-жылғы 22-желтоқсандағы №12/67 «Приозерск қаласының 2024-2026-жылдарға арналған бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (баяндаушы: Экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ә.С.Шәмшатова);

3. Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі (баяндаушы: «Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы А.А.Алтаев.);

4. Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрлысы бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі (баяндаушы: «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала

құрлысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы С.Т.Бұқпантаев.);

5. Тұрғын-үй қатынастары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі (баяндаушы: «Приозерск қаласы тұрғын-үй қатынастары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Д. К.Абдиқаримов);

6. Бас бостандығынан айыру орнынан және пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарды бейімдеу бойынша консультативтік кеңесші орган комиссиясының жұмысы туралы есебі (баяндаушы:

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Е.Ахметова);

7. Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің атқарылып жатқан жұмыстар туралы есебі (баяндаушы: «Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы Н.А.Стамқұл).

Тұрақты комиссиялар есептер бойынша қорытындылар оқыды және сессияда қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданып, хаттама толтырылды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ОЛАР – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ!

«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп Алаш арысы Әлихан Бөкейхан айтқандай, халықпен жұмыс істеу үшін жағымды мінез-құлық керек. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек адамдар арасында осы қызмет туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Бұл туралы Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында «өте жоғары этика мен кәсібилік тиімді мемлекеттік аппаратты құрудың негізгі өлшемі болып табылады» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Өйткені, кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді.

Ақ жағалы көйлек пен келісті костюм-шалбар киіп, галстук байлаған мемқызметшіні көргенде көз тояды. Сырт келбетіне сүйіспеншілікпен қарап, қырлы шалбарындай керемет қызмет көрсетсе деп армандаймыз. Иә, мемлекеттік қызметшілердің атқарған жұмысына, ұжымда және жұртшылық алдында өзін ұстауына, мінез-құлқына, сондай-ақ олардың киіну стиліне ерекше көңіл бөлінуде. Олардың моральдық бет-бейнесі мен этикасына айрықша назар аударудың астарында оның іскерлігі ғана емес, сонымен қатар айналасындағыларға құрметі мен ізеті де сараланады. Жасыратыны жоқ, кейбір мемлекеттік қызметкердің қаптаған қағазға шұқшиып, қабағын қатуы алдына келген адамға кері әсерін тигізсе, енді бірі жөнді сөз айтып, мәдениетті жауап қайтарудың жөн-жосығын біле бермейді деген қынжылысты құлағымыз шалып жатады. Бұл ретте 2015 жылғы 29-желтоқсанда Президенттің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы жарияланып, 2016-жылдың 1-қаңтарынан қолданысқа енгізілгенін айта кеткен ләзім. Соған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі мен Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже бекітілген болатын. Міне, сол уақыттан бері 8 жылдан астам уақыт өтіпті. Осындайда Әдеп кодексі талаптары, яғни мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары сақталып жүр ме деген орынды сауал туындайды.

Мемлекеттік қызметші – қоғам мен билік арасындағы дәнекер. Бұқарамен байланыс орнатып, түрлі оқиғалармен бетпе-бет келетін мемқызметкердің жұмысы жеңіл деуден аулақпыз,

әрине. Алайда, басындағы мәселесін айтып не болмаса дұрыс ақпарат сұраған адамға жекіп, дөрекі сөйлейтін қызметкерлерді көз көріп, құлақ естиді. Бұл мәселе төңірегінде құзырлы орындарға немесе БАҚ құралдарына келіп, мұңын айтып, арызданған тұрғындар да баршылық. Міне, осы секілді дәйектер мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыруға кері әсерін тигізіп, сенімсіздік ұялатады. Яғни «Бір құмалақ бір қарын майды шірітедінін» кері келіп тұр. Сөз құдіретін қазақтан артық түсінетін халық жоқ десе де болады. «Сіз» деп сыпайылық білдіріп, жылы шырай танытса кез-келген адам жібіп салары белгілі. Күрмеулі істің өзін мән-жайына қанықсаңыз, бір жолы табылады. Әсіресе, ауыл әкімдері мен сала басшыларына халық көп жүгінеді. Сондықтан сыпайылық, сөз саптау, мемлекеттік қызметшінің этикасына жататын қарапайым дүниелерді тереңінен меңгерсе дейміз...

Мемлекеттік қызметкер әркез қызмет көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес болуға, адалдық, ашықтық және әділдік қағидаларын басшылыққа ала отырып, қызметтерді кәсіби көрсетуге талпыну қажет. Азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде өз ойын дұрыс және дәлелді түрде баяндау, сөйлеп отырған адамның сөзін бұзбай, азаматтың сұрақтарын мұқият тыңдау, әңгімелесушіге ізгі ниеттілік пен құрмет білдіру, толық кеңес беру және болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру, жасы үлкен адамдарға, ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға ізгі ниетпен қарау, оларға қажетті көмекті көрсетуі тиіс екендігі мемлекеттік қызметшінің әдеп кодекстерінде де көрсетілген. Осы орайда Приозерск қаласындағы қызметіне лайық, өзіміз аңғарған, іс-әрекеттеріне көңіл толатын азаматтардың есімдерін атап кетуді жөн көрдік: байырғы кадрлар Алтынай Рахымбаева, Гүлжахан Шарбекова, Шұға Макишева, Жұлдыз Дулатова, Рахима Ахметова, Ахан Жүсіпов, жас мамандардан Асет Шамшатов, Айдын Қасқатаев, Мақпал Акімова, Айдын Алтаев, Дияз Абдукаримов, Әбіл Дюсенбаев т.б. мемқызметшілер жұмыс барысында көпшіліктің назарына оң әсермен ілініп жүр.

«Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады» деген ауыздан шыққан әр лебізге жауапкершілікпен қараған бабаларымыздан көп ілгері кете қойған жоқпыз-ау! Өйткені, бүгінгі сөйлеген сөзіміздің түпкі нәтижесі шынайылықтан ажырай қойған жоқ.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ЖУРНАЛИСТ БОЛУ ОҢАЙ МА?



28-маусым күні Қазақстан журналистері – Баспасөз құралдары өкілдері өздерінің төл мерекесін атап өтпек. Бұл дата 1991-жылы «Баспа мен БАҚ туралы» заңның қабылданған күніне орайластырылған. Айта кетейік, 2004-жылдан бері Қазақстандағы журналистер күні маусым айының соңғы жексенбісінде тойланып келді. Ал ел Президентінің 2011-жылдың 20-қазанындағы №164 Жарлығына сәйкес журналистердің кәсіби мерекесі маусымның 28-і күніне белгіленді. Қазір мерекенің толық атауы – Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні.

Бір кездері қазақ қаламгерлері айтулы күнді ең алғаш қазақ тілінде жарық көрген «Түркістан уәлаяты» газетінің шыққан күні, яғни 10-мамырда атап өткен екен. Алайда, аталмыш баспа Ресей патшалығының отаршылдық саясатын ашық жазғандықтан бұл мерекеге тыйым салыныпты. ҚР Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев бастаған белсенді топ болса «Түркістан уәлаяты» 15-мамырдан бастап шыға бастаған, сондықтан еліміздегі журналистердің төл мерекесін осы күні атап өткеніміз жөн деген мәселе көтергені де бізге белгілі. Ал, 1991-жылдың 28-маусымда қабылданған БАҚ туралы заңға көптеген өзгерістер енгендіктен, ол өз маңыздылығын жоғалтқан деп есептейді олар. Қалай болғанда да аталмыш мереке елімізде 28-маусым күнге белгіленді.

Осы орайда өсіп келе жатқан, болашақта журналистік мамандықты таңдағысы келетін жас буынға нағыз журналист болу үшін «Қандай болуы керек, нені ескеруі тиіс, нелерге дайын болғаны жөн... деген секілді» мәселелерге сәйкес кеңес бере кетуді жөн көрдік. Адам баласы мамандық таңдаған кезде ең алдымен өзінің қабілетіне қарай таңдайды. Негізі журналистика мамандығы табандылық пен мінезділікті талап етеді. Себебі, кез келген адам топ ішін жарып шығып, кез келген жерде өз ойын еркін білдіре алмайды. Ол үшін журналистке тән күш қайрат, батылдық жалпы қайтпас қайсар мінез қажет. Біз журналистер кез келген тақырыпта, кез келген жағдайда, кез келген проблеманы өзіміздің мақаламызбен халыққа дәл әрі нақты жеткізе аламыз. Біздің

мақаламыздың сапасы, еңбегіміздің нәтижесі және біздің журналист деген атауға лайықты екеніміздің бірден бір көрінісі.

Менің ойымша мінезсіз қаламгерді журналист деп атауға болмайды. Олай ойлауымның себебі, мінезсіз адам журналист болып бар шындықты жеткізбек түгіл, жеке өмірінде жетістікке жетіп, алға жылжуы екі талай. Бұл мамандық табандылықты, ізденімпаздықты талап еткендіктен, журналистика мамандығының маңайында шыдамды, мінезді адамдар ғана қалады. Нағыз журналист, яғни мінезді қаламгер тек шындықты жазуға тиіс. Көбіне адамдар журналистика мамандығын қиын әрі жауапкершілігі мол мамандық деп санайды. Негізінде бұл рас, бірақ қабілетті маманға бұл ауыртпашылықтар жетістікке жету жолындағы кедергі болып табылады. Адам бұл мамандық иесі атануы үшін көп еңбектенуі керек. Журналистика тек қызығушылықтан таңдайтын мамандық емес, ол көп ізденісті, сол жұмысқа деген сүйіспеншілік пен махаббатты талап ететін мамандық. Журналистиканы сүймеген одан ләззат ала алмаған адам, оның биік шыңына шығып, шындықты шырқырата жазуы өте қиын.

Кез-келген адам журналист бола алмайды. Қалай кез-келген адам үлкен мәселені көтермек? Қалай кез-келген адам өз басын қиындыққа апармақ? Журналист батыл болуы шарт. Журналист нағыз әділдік пен шындықты жазуы тиіс. Өмірде бәрі де мүмкін. Мүмкін барлығы журналист бола алатын шығар, бірақ нағыз журналист бола алмайды. Туа біткен қабілеті бар, оқыған, ізденген, талпынған, білімді, сөзге шешен, қайратты, оқырман іші-бауырына кіріп, баурап ала алатындай ең бастысы мінезді, әділ әрі шебер болса, міне сол нағыз журналист! Ал нағыз журналист- ол мінезді қаламгер! Ал, біз алдымен барлық әріптестерімізді, сонымен қатар «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің ұжымын төл мерекелерімен құттықтай отырып, жұмыстарында сәттілік тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер одағының мүшесі,
Қазақстан жазушылар одағының мүшесі.

ПОЛИЦИЯ КҮНІНЕ ОРАЙ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ПБ-НІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН «ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН» АШЫҚ ТУРНИР



Қазақстан полициясы күніне орай Приозерск қаласының полиция бөлімінің ұйымдастыруымен, кіші жасөспірімдер арасында қазақша күрестен ашық турнир өтті. Турнирді қала әкімі Мансұр Талғатұлы ашты. Турнирге 100 ге тарта палуандар қатысып бақтарын сынады.



Балқаш, Тасарал, Сарышаған, жергілікті Приозерск командалары күш сынасты. Оза шауып жеңіске жеткендер палуандар медальдар мен алғыс хаттармен марапатталды. Ең қызықты сәті командалық жарыс болды. Турнир қорытындысы бойынша Балқаш командасы 1 орын иеленіп 120 мың теңгелік сертификатпен, Приозерск командасы 2 орын иеленіп 80 мың теңгелік сертификатпен, Сары-Шаған командасы

3 орын иеленіп 50 мың теңгелік сертификатпен марапатталды. Ұлттық спорт жанашыры болып жүрген азаматтарға да сый құрмет көрсетіліп, кәде сый медальдар табысталды. Осындай іс шараны жоғарғы деңгейде ұйымдастырған полиция бөлімі ұжымына, сонымен қатар жас

спортшыларды дайындап, қала тұрғындарына жоғары көңіл күй сыйлаған бапкерлерге алғысымызды білдіреміз. Осындай жақсы бастамаларды қаламыздың мекеме ұжымдары, кәсіпкерлері, тұрғындары қолдап отырса, қаланың спортшылары биік белестерді бағындыратынына сенімдіміз. Жеңісті күндерде жолығайық!!!

А. Исатаев

ВСЕ ВМЕСТЕ СКАЖЕМ КОРРУПЦИИ: «НЕТ!»

Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира, независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, различается лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций, негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

В Казахстане работа по борьбе с коррупцией ведется повсеместно на всех уровнях государственного аппарата. В рамках совершенствования Казначейской системы в Стратегическом плане Министерства финансов было предусмотрено и успешно реализовано внедрение электронного документооборота с государственными учреждениями посредством информационной системы «Казначейство-Клиент». Целью ИС «Казначейство-Клиент» является повышение эффективности взаимодействия Казначейства с обслуживаемыми государственными учреждениями. Это позволило ускорить процедуры предоставления услуг государственным органам, а также свести к нулю все возможные предпосылки для проявления каких-либо коррупционных факторов. Во-первых, работа в ИС «Казначейство-Клиент» исключает физический контакт между работником казначейства и представителем государственных учреждений, во-вторых, как уже говорилось ранее, существенно сократилось время обработки финансовых документов – от трех дней до шести часов. Отправляя документ в казначейство, работник государственного учреждения уверен, что этот документ будет обработан в течении нескольких часов, ему не надо беспокоиться о скорейшем его продвижении.

В нашем городе к ИС «Казна-

чейство-Клиент» подключены все государственные учреждения – клиенты Приозерского городского управления казначейства. В Приозерском городском управлении казначейства также ведется работа согласно утвержденному Плану мероприятий по противодействию коррупции Департамента казначейства по Карагандинской области Комитета казначейства Министерства финансов

Республики Казахстан. В управлении функционирует телефон доверия. С работниками управления на регулярной основе проводятся занятия по изучению антикоррупционного законодательства.

Борьба с коррупцией – это дело не только определенных государственных органов, это дело всего общества и гражданский долг каждого человека. Каждый должен понимать, что проявляя равнодушие или потакая тем лицам, которые ради своей выгоды готовы нарушить не только морально-этические нормы, но и закон, в итоге становится соучастником этого незаконного деяния. Скольких бед можно было бы избежать, если бы везде соблюдались все прописанные нормы – не рушились бы новенькие многоквартирные дома; из учебных заведений выпускались бы действительно квалифицированные специалисты, знающие свое дело и в теории, и на практике; не было бы плохих дорог; не гибли бы люди на дорогах; преступники не разгуливали бы на свободе. Перечислять можно долго, потому что коррупция может проявиться в любой сфере. Победить коррупцию можно будет лишь в том случае, если каждый гражданин будет осознавать свою ответственность перед обществом. Наша общая цель – не дать возможности процветать коррупции, искоренить ее из нашего общества раз и навсегда.

С.С. Баймаганбетов
руководитель Приозерского
городского управления
казначейства

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №25/103, Таралымы: 500 дана,
пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.
Балаларға тыйым салынған.